

ЯСАУИ ӘЛЕМІ



2011 жыл
№2 (7)

АҚЫН БАЛМАҒАМБЕТ БАЛҚЫБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

*Болат Сағынбекұлы ҚОРҒАНБЕКОВ,
филология ғылымдарының кандидаты.*

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны болуы тиіс қаламгер Балмағамбет Балқыбайұлының туындылары оқырман қауымға бүгінгі күні ғана танымал болып отыр. Ақын шығармашылығының өз халқымен кешірек табысуының сыры тереңде. Оны түбегейлі тарқатып айтсақ, желісі ұзақ әңгімеге түсіп, негізгі тақырыптан ауытқып кеткен болар едік. Сол себепті, қысқа қайырып жеткізер болсақ, бұл кешігудің ақын шығармаларының Қожа Ахмет Ясауимен, сопылық іліммен байланысты болуынан екенін алдыңғы кезекте айту керек. Неге десек, ислам мәдениетінің қоғамды алға сүйрейтін ілгерішіл, адам мен қоғам бірлігін қамтамасыз ететін адамсүйгіштік құндылықтары тұтас ұлттарды отарлауды көздеген патшалы Ресей мен ұлт болмысын жоюды мақсат еткен Кеңес өкіметінің қиратушы саясатымен мүлдем қабыспайтын еді. Қабыспау өз алдына, бұл саясатқа ислами құндылықтар үлкен тосқауыл болды. Сондықтан XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына қатысты басқыншылық, отаршылдық саясат ұстанған көршілес мемлекеттердің барлығы ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи жолын ұстанған ғұламаларды қуғындауды қолға алды. Олардың кейбіреуі өздерін ислам дінін тұтынушы мемлекет санағанымен, жоғарыда айтылған себепке байланысты, Ясауи жолына жау болды. Формальды ислам мен шынайы исламның бітіспес күресі бұған дейін де үздіксіз жүріп келген еді. Ал, Кеңес өкіметі бұл мемлекеттердің ең бастыларын жауретінде жойғанымен, дәл осы мәселеде олардың ісін жалғастырушы қызмет атқарды. Біздің Ясауи жолын шынайы исламға мегзеуіміз де кездейсоқ емес. Бұны Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтерінде де, ислам әлеміне кең тараған ауызша әңгімелерде де баяндалатын құрма түріндегі пайғамбар аманатының Ясауиге берілгенінен аңғара аламыз. Ал, рухани ілімнің басты ерекшеліктерінің бірі болып табылатын кереметтік оқиғалар мен ғажайып әңгімелерге күдікпен қарайтын материалист-прагматик пайым-түсінік иелеріне де айтылар

дәлелдер жоқ емес. Олардың қатарында Қожа Ахмет Ясауи мен оның кейбір шәкірттерінің Мекке мен Мәдинада патшалық құрғанын, арабтардың өзі Қожа Ахмет Ясауиді «Ахмед Сәни» яғни «Екінші Ахмет» (бұл – Мұхаммед с.а.у. пайғамбардың төрт есімінің бірі Ахмед болуына байланысты) деп атағанын айтсақ та жеткілікті. Осындай себептермен бір ғасырға жуық қатты қуғын көрген, тіпті қанды қырғынға ұшыраған қазақ даласындағы Ясауи жолы осы тарихтан сабақ алып, айналаға сақтықпен қарап, қорғанушы ұстанымға көшті. Ал, Балмағамбет Балқыбайұлы заманында бұл жолдың билік тұрғысынан аяусыз жазаланатыны әбден әшкере болған еді. Алайда, пайғамбар ісі мен өсиетін өздеріне өнеге еткен Ясауи жолының өкілдері бұл ілімді таратуды да Құдай алдындағы жауапкершілік деп қарайтын. Олар осы аралықтан жол таба білді. Билік иелері мен дүмше молдалар (олардың ортақ мүдделері осы тұста көрінеді) тарапынан екі жақты қысым көргендеріне қарамастан мінез-құлық көркемдігімен көпшілікке өнеге бере білді. Өз көзқарастары мен ұстанымдарын барынша құпия ұстай отырып, қоғамдық тәрбие мен ақиқат жолына нұқсан келетін шешуші сәттерде өз тұрғысын берік танытып, өз қарсылықтарын да білдірді. Мұндай сәтте олар өз бастарын бәйгіге тікті. Мұның жарқын мысалын Балмағамбет өмірі мен шығармашылығынан айқын көре аламыз.

Ақын шығармаларының елеулі бөлігі жарық көрген журналист Құсыман Игісін баспаға дайындап шығарған «Хадис-назым» атты жинағының таралымы 200 дана-ақ болғандықтан, оны республика жұртшылығына тарады деп айта алмаймыз. 2005 жылы «Алаш мұрасы» сериясының қатарында «Арыс» баспасынан жарық көрген ақын шығармаларының екі томдық жинағы ақын шығармаларын насихаттаудағы елеулі табыс болғанымен, бұл бағытта атқарылатын шаралардың шаш-етектен екені белгілі. Осы екі томдық жинақта діни-рухани, сопылық термин-атаулардың дұрыс оқылмағандықтан, қате жазылған тұстары жеткілікті. Бұл – Балмағамбет шығармаларының терең зерттеулерге негізделген ғылыми басылымын шығарудың қажеттілігін көрсетеді.

Балмағамбет Балқыбайұлының сопылық поэзияға, оның ішінде, Ясауи жолына қатысы, ең алдымен, оның шығармаларының мазмұндық жағынан көрінеді. Ақынның өлең-толғауларының, дастандарының тақырыбы мен көтерген мәселелері, айтпақ ойы ясауия тариқатының негізгі принциптерімен, ұстанымдарымен, шарттарымен тонның ішкі бауындай астасып жатады. Сопылық

жолдың басты мұраты – Алланың дидарын көру және Оның ризашылығын табу болса, оған жеткізетін ең басты шарт – жүректің тазалығы. Жанмен, тәнмен және малмен (дүние-мүлікпен) жасалатын барлық құлшылықтың нәтижесі – осы таза жүрек болмақ. Жүрек тазалығы бағдарға алынғанда ғана бұл құлшылықтардың жетілуі, мән-мазмұнға ие болуы, жемістілігі жүзеге аспақ. Ал, мақсатсыз атқарылған құлшылықтардың әсерсіз құр дағдыға айналып, құлшылық иесін догматқа айналдыратыны – тарих дәлелдеген шындық. Сопылық поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі Ш.Құдайбердіұлы бұл жайында:

Тәңір жолы – ақ жүрек,
Сайтан деген – қиянат.
Ақ жүректі ертерек
Ескер-дағы қыл әдет, -
дейді [1]. Балмағамбет те бұл мәселеге ықыласпен назар аударады.

Он екі мүше патшасы
Кірленбесін діліңіз [2], -
дейді ол. Кірленген жүректің тазартқышы – Алланы еске алу, яғни Оны зікір ету. Құран сөзіне сүйенер болсақ, адамды Құдай алдында бақытты ететін нәрсе де осы – таза жүрек. «Ол күні (яғни қиямет күні) малыңның да, балаларыңның да пайдасы тимес Бірақ кім Аллаға таза жүрекпен (қалб-и салим) келсе ғана (пайда береді)» (26:88,89) дейді Құран аяты. Осындай маңыздылығы болғандықтан Қасиетті Құранда Алланы зікір ету (еске алу) көп жерде арнайы бұйырылған. «Бірақ: «Алла қаласа (жасаймын)», - (де). Ұмытқан заман Раббыңды есіңе ал да: «Раббымның мені бұдан да туралыққа жақынырақ жолға салуынан үміткермін», - де» (18:24); «Сондай иман келтіргендер, Алланы еске алу арқылы көңілі жай тапқандар, естерінде болсын: Алланы еске алумен жүректер орнығады» (13:28); «Әй, муминдер! Алланы өте көп зікір етіндер. Оны ертелі-кеш пәктендер» (33:41,42) деген аяттар бар. Осы аяттарды басшылыққа алған Ясауи жолының өкілдері Жаратушыны бір сәт те естен шығармауға әрекет еткен және соны насихаттаған.

Осылайша, өз нәпсіңе насихат қыл,
Күмәнсіз басқа түсер ақиқат бұл.
Көз бұлап, көңіл хақтан жылап тұрсын,
Басқаға хақ зікірінен бармасын тіл, -
дейді Балмағамбет те [3].



Жүректі таза ұстау барлық сопылық жолда алдыңғы орынға қойылса, оған жетудің жолдары әр тариқатта әр түрлі көрсетіледі. Қожа Ахмет Ясауи жолында жүрек тазалығына жету үшін Құран мен хадистегі барлық бұйрықтар есепке алынады. Оның ақиқат жолы екендігінің де дәлелі осында. Бұл жолда Құдайды зікір ету практикасы да Құран бұйрықтарын басшылыққа алудан келіп шыққан. Көптеген сопылық тариқаттар дәстүрінде жоқ ясауидағы жария зікір де «Қашан хаж ғамалдарыңды өтесендер, (Минада) Алла (Т.)ны ата-бабаларыңды зікір еткендей, тіпті одан артық зікір етіндер» (2:200) деген Құран аятына негізделген (Ислам діні тарамаған кезде кұрайыштар Арафатқа бармай Музделифеден қайтып, Минада жиналып, ата-бабаларын айғайлап мақтайтын еді. Бұл аят соған байланысты айтылған). Ясауи тариқатында қолданылатын зікірдің үш түрі бар: алқа, ара және кұпия зікір. Рухани кемелдікке (камил инсан, толық адам) жету жолында олардың әрқайсысының өзіндік орны бар. Бұның ішінде ара, алқа зікірлері дағдылы дене қимылдарымен бірге атқарылады. Бұл дене қимылдары да жүрек тазалығына қызмет етеді. Оның әрбірі оң қабақтың ұшынан жүректің түп жағын нысанаға алып, ұрудың ишарасын жасаған қимылмен аяқталып отырады. Ясауи жолына тән бұл дәстүр Балмағамбет шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

Аллаға күндіз-түні зікір етсең,
Айтылған тәубадағы шартқа жетсең,
Жетерсің мақсұтыңа махшар күні,
Дүниеден сол әдетпен өтіп кетсең.

Пенденің ұқсар ділі қара тасқа,
Тесетін зат жоқ деме, тасты басқа.
Зікір – қайла, тас – ділге ұрсаң қатты,
Муафиқ болса ділің ықыласқа.
Өлімнің келетінін ойға сақтап,
Толар көзің мөлтілдеп ыстық жасқа.



Оңнан тарт, ла иллаһа ил алланы,
Астына ұр, сол емшектің, бұл дұғаны.
Қалыптан тыншы кетіп шықса ханнас,
Ойға алар тәфсір керек, мәддұғаны [3,135-136], –

дейді акын бұл туралы. Осынау санаулы жыр жолдарында Құдайды ұмыту салдарынан адам жүрегінің тасқа айналатыны, ол барлық қатыгездіктің, жауыздықтың себепкері болатыны; Құдайды еске алу, яғни зікір ету арқылы тас жүректің жібіп, жұмсарып, мейірімге толатыны; зікір амалдарын барлық шарттарымен, дене қимылдарының ишарасымен (Ясауи жолында оның «чор зарба», «ду зарба» деп аталатын түрлері бар) дұрыс орындағанда, адамды үнемі азғырып, жүректе отыратын, Құранда «ханнас» деп аталатын шайтанның жүректі тастай қашатыны сияқты ясауия тариқатында үнемі ескерілетін ақиқаттар көрініс тапқан.

Сопылық жолдағы кемелденудің шарифат сатысынан өтіп, хақиқат жолына түскендер Құдайға деген ғашықтық хал тапқан [4]. Ғашықтық хал Құдай жолындағы барлық қиындықтарды ауырсынбай, жеңіл өткеруге себеп болады. Қожа Ахмет Ясауидің:

Хас ғишқынни көрсат меңа шакир болай,
Арра қойса Закариядик закир болай.
Аюб сифат баласига сабыр болай,
Һар не қылсаң ғашық қылғыл, паруардигар.

(Шын сүюінді көрсет маған, шүкір етушіден болайын,
Арамен кессе Закариядай зікірші болайын.
Аюб сипат бәлесіне сабыр етушіден болайын,
Не қылсаң да ғашық қылғын, Паруардигар) [5], –
деген хикметінен ғашық халіне жетудің қаншалықты маңызды екені аңғарылады. Балмағамбет те ғашықтық ахуал табудың Хаққа жетудің сенімді жолы екенін көрсетеді.

Әй, достарым, келіңіз,
Жиылып, зікір салайық. (...)
Зікірші хақтың досы деп,
Айтқанына нанайық.
Хақ жолына ғашық боп,
Тірідей күйіп, жанайық [2,85], –
дейді ол. Және де:
Желдетпей тұнжыр тұман ашылмайды,
Желпінбей өрен жүйрік басылмайды.



Аллаға ғашық болған дәруіштер бар,
Мақсатын түрлі зармен асылдайды [3,333], –

деп бұл ойын дамыта түседі. Ясауи жолын ұстанған дәруіштер Хаққа ғашық болумен бірге, Одан қорқу сезімін де жоғалтпайды. Ясауи хикметтерінде Жаратушыны қаншалықты дәріптесе, өзін соншалықты төмен, күнәһар халде көрсетеді. Тіпті ол өзін «Барча куллар ичида ғаси кул дур Қожа Ахмет (барша құлдың ішінде күнәһары Қожа Ахмет») [5,174] деп те көрсетеді. Балмағамбетте де:

Пасықтар өтті дүниеден,
Қайырға дүние қимаған.
Ғафылдар өтті дүниеден,
Көсілген аяқ жимаған,
Шарғы Шариф әмірін
Құлағына құймаған. (...)
Абайласам, бауырлар,
Осының бәрі басымда.
Бауырым ед деп езіліп,
Келмейді көзге жасым да.
Шүбәсіз нәрсе болмады,
Ішіп жүрген асымда [2,77], –

деп жырлайды. Сондай-ақ:
Айыптымын Аллаға,
Толып жатқан мінім бар.
Жаба тоқып жауырды,
Көріп жүрген күнім бар.
Күңкіліндей күңдердің,
Тұтып жүрген дінім бар [2,276], –

дейтін кездері де бар. Өзін осылай күнәһар сезінудің Құдай алдындағы қорқынышқа жол ашатыны кәміл. Бірақ бұл қорқу дәруішті үмітсіздікке ұрындырмайтындай болуы керек. Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті Мұхаммед Зарнуқи (Данышпан ата) арқылы жеткен «Көңілдің айнасы» атты еңбегінде былай делінеді: «Шейх Жұнайди Бағдади (Алланың рахметі жаусын) ғұламалар жайлы: «Бүкіл ғұламалардың (хәлі) қауіп пен үміт» арасында жүргендей» дейді. Егер Алла тағаладан пәрмен келсе, бүкіл құлдарым тамұқтық, яғни, тозақтық болып, ішінен біреуі ғана жұмақтық десе, сол жұмақтық мен болайын деп үміт ету керек. Егер барлық құлдарым жұмақтық, тек біреуі ғана тозақтық десе,

сол тозақтық мен болып қалмайын деп қауіп ету керек. Яғни қауіп пен үміт арасында болуы керек» [4,18]. Ясауия тариқатында «хауф-рижа» деп аталатын бұл мақамның мәні зор. Көңілді үміт пен қауіп арасында ұстау – адамның Құдайды ұмытпауына себеп болары хақ. Қауіптен тіпті пайғамбарлар да, әулиелер де құтылмақ емес. «Көңілдің айнасы» кітабында Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың: «Ықыластылар (әулиелер) да үлкен қауіп-қатер ішінде», - деген сөзін келтіреді [4,36]. Б.Балқыбайұлы да осы мәселеге айрықша ден қойып, пайғамбарлардың да Құдай алдында жазықты болып, мүшкіл халге түскен сәттерін жырға қосады. Оның «Пайғамбарлардан мысалдар» деп аталатын топтамадағы «Яхия ғалайссалам» атты балладасында Яхия (ғ.с.) пайғамбардың қиямет қайым күнінде Құдайға өзін күнәдан пәкпін деп көрсетпек болған кезде, өзін басып кетіп, аяғын сындырған құмырсқаның таққан кінәсінен қиын жағдайға түскені, оның құлшылық кезіндегі көзінен аққан жасынан қанып ішіп, шөлден аман қалған шыбындардың шырқырап ара түскендігінен ғана жазадан аман қалғаны баяндалып, мынадай түйін жасайды:

Басқан аяқ, пенденің

Алған демін санатқан.

Айламаса рахым,

Ешнәрсе қалмас санақтан [2,60].

Ақын осы арқылы Құдайдың әділдігі тұрғысынан қарағанда ешкімнің күнәдан және соған лайықты жазадан аман қалмайтынын, тек рахымы тұрғысынан қарағанда ғана жарылқауға ие бола алатынын жеткізген. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи ілімінен алынған тағылым. Балмағамбет өлең-балладалары мен дастандарындағы пайғамбарлар, әулиелер өмірінен алынған ғибаратты мысалдардың барлығы да адамның діл тазалығына қажет шарттарға тікелей қатысты.

Рухани ілімді барынша терең меңгерген, оның биік шыңына жеткен тұлғаның бірегейі Қожа Ахмет Ясауидің қазақ даласынан шығуы бұл ілімнің осы ортада кеңінен тарауына үлкен себеп болды. Қазіргі кезде «Ясауи жолы» деген тіркестің жиі қолданылуы әбден заңды. Алайда мұны Қожа Ахмет Ясауидің өзі ойлап тапқан жол деп ойлау қате болмақ. Ясауи жолы – пайғамбарлар мен жүрек көзі ашылған әулиелер жүріп өткен ақиқат жолы. Осы ілімді даламызда орнықтырып, оның айқын жолын көрсеткен Қожа Ахмет Ясауи болғандықтан, осындай ұғым қалыптасты. Ясауи өзі таратқан рухани ілімді «хал ілімі» деп атады. Ол ғылымқалмен, яғни қал

ілімімен қатар айтылады. «Қал» арабтың «қала» – «айту» деген сөзінен келіп шығады. Сопылықта қал – айтуға болатын, тілмен жеткізу мүмкін ілім, яғни адам үйрете алатын ілім болса, хал – тілмен жеткізуге келмейтін, Жаратушының өзі ұстаздық қылатын ілім. Қал ілімінің мақсаты халге жеткізу болса, халдің мақсаты – Құдайға жеткізу. Хал таппай, қал ғылымының тұтқынында қалып қою – сопы үшін ең аянышты жағдай. Өйткені ол түпкі мақсатқа жеткізе алмайды. Тіпті қабірде алынатын сұраққа да жауап беруге мүмкіндік жасай алмайды.

Мункур-Накир: «Ман раббика» деб сауал қылғай,
Қала ғилимидин бир нуктаси кар қылмағай

(Мүңкір-Нәнкір: «Иең кім?», - сұраған кезде,
Қал ғылымының бір нүктесі де пайда бермейді) [5,184], -
дейді бұл туралы Қ.А.Ясауи. Сондықтан әулиелер сұлтаны
қал ілімін өз орнында пайдалануды ұсынып,

Қал ғилмини оқубан,
Хал ғилмиға етибан

(Қал ғылымын оқы да,
Хал ғылымына жет) [5,202], –
дейді.

Балмағамбет шығармалары тек рухани іліммен ғана емес, ғылымқалмен де байланысты. Оның ішінде фикх мәселелерін де қамтитын кездері аз емес. Фикх туралы анықтамалық әдебиеттерде: «» [6], - деп айтылады. Балмағамбеттің «Қырық парыз баяны», «Ауыру халде», «Халыққа хабарлау тәртібі», Кебін жайы», «Мәйіт көтеру тәртібі», «Мәйітке топырақ оқып, дем салып қосу», «Өлікке істейтін қызымет баяны» деген өлеңдерде мәйіт жөнелту кезіндегі шарифат шарттары мен діни рәсімдер тәртібі тәптіштей баяндалады. «Хадистерден назым» топтамасына кірген «Ауыру мал өлейін деп жатса, бауыздау тәртібі», «Рұхсат етілген тойлар», «Үйде отырып істейтін қызымет», «Қабір басындағы тәртіп», «Екі қатын алған пайғамбардың үмбеттері туралы» және «Құрбан кімге уәжіп?» өлеңдері фикхтың түрлі мәселелерін өзек етеді.

Балмағамбет Балқыбайұлы шығармаларының жанрлық ерекшеліктері жайында арнайы зерттеу қажет. Өйткені

Бишәк билиң бу дуния барча халқдин утер-а,
Инанмағыл малыңа бір күн қолдан кетер-а.
Ата-ана, қарындаш қайан кетті фікір қыл,

Төрт аяклық чобан ат бір күн сәңа иетер-а.

(Шәк келтірме, бұл дүние жаралғандардың бәрінің
басынан өтеді,

Байлығыңа сенбе, ол бір күні қолдан кетеді.

Ата-ана, туған-туыс қайда кетті, терең ойлан

Төрт аяқты ағаш ат саған да бір күн жетеді) [6]

РЕМИНИСЦЕНЦИЯ (лат. *reminiscentia* – еске алу) [өзара көркемдік ықпалдастық типі] – жазушының өзіне дейінгі әдеби мәнбелерден жекелеген элементтерді айқын көрінбейтін дәрежеде пайдалануы.

Реминисценция – еске алудың бұлыңғыр күйі; әйтеуір бір нәрсемен салыстыруға мегзейтін құбылыс, жаңғырық (отголоск); поэзия мен музыкадағы бөгде шығарманың дыбысы (отзвук) [7].

Шәдінің неше түрлі назым сөзі,

Ұстазы рұхсат берген, демес өзі [3,333].

Сахибі бұл кітаптың кәрі кісі,

Кісінің танымасаң бәрі кісі.

Пасықтың, мұнафиқтың қас дұшпаны,

Мұттаи мұхлиса дәрі кісі.

Тексерсеңіз шын аты Балмағамбет,

Лақабы халық аузында «сары» кісі [3,10].

«Халық әдебиетінің ерекше бір түріне **ғ ұ м ы р н а м а л ы қ** (биографическая) және **ө м і р б а я н д ы қ** (автобиографическая) әдебиетті жатқызуға болады. Аттарынан-ақ көрініп тұрғандай, алғашқы түрге жататын туындылар, әдетте, мақтау жырларымен тығыз байланысты болып келсе, ал, соңғысы, әдетте, ауыру үстінде, не өлім алдында айтылады да насихат, өсиет жырларымен сабақтасып жатады» (...) Поэзияның ерекше түрі – өлім алдындағы **ө с и е т ө л е н д е р** (предсмертные, завещательные песни). Бұл өлендер негізінен ауыру үстінде не өлім алдында айтылады, онда өткен өмір жолы суреттеледі, күнәлардан арылтуды өтініп, діни парыздарды толық өтемегеніне өкініш білдіріледі, бұ дүниедегі барша өмір мен пенделіктің баянсыздығы, о дүниеде күнәлары үшін жауап беруден қорқатындығы баяндалады, тәңірі мен айналадағылардан күнәлары үшін кешірім өтініледі және өмірді мағыналы сүру туралы ақыл-кеңес айтылады. Бұл жырларда көп жағдайда діннің әсері аңғарылып тұрады» [9].



Пайдаланылған әдебиеттер:

Құдайбердіұлы Ш. Иманым (құрастырғандар – Б.Байғалиев, Е.Қасейінұлы). Алматы: Арыс, 2000, 130 б.

Балқыбайұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Хадис-назым (құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған – Қ.Игісін). Алматы: Алаш, 2005, 85 б.

Балқыбайұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Хадис-назым (құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сөзін жазған – Қ.Игісін). Алматы: Алаш, 2005, 167 б.

Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауи. Көңілдің айнасы (Миратул кулуб) (дайындаған – Д.Кежетай). Анкара: Билиг, 2000, 15 б.

Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) (баспаға әзірлеп, қазақша аударғандар – М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи). Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 175 б.

Ислам.

Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. Алматы: Арыс, 2001, 22 б.

Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. Москва: ООО «Изд. Астрель»: ООО «Изд. АСТ», 2003, с. 352

Досмұхамедұлы Х. Аламан (құрастырушылар, алғы сөзін және түсініктемелерін жазғандар – Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов). Алматы: Ана тілі, 1991, 24 б.

